



“ӨЗЕНМҰНАЙГАЗ” АҚ КОРПОРАТИВТІ ЖУРНАЛЫ
№9 (91) 2023 ЖЫЛ



ӘР МҰНАЙШЫ ҚҰРМЕТ ПЕН
ЗОР АЛҒЫСҚА ЛАЙЫҚ!



“ӨЗЕНМҰНАЙГАЗ” АҚ КОРПОРАТИВТІ ЖУРНАЛЫ

МЕНШІК ИЕСІ:
«Өзенмұнайгаз» АҚ
№9 (91) 2023 жыл

Журнал ҚР Ақпарат және
коммуникация министрлігінде
есепке алынып, №16077-Г күелігі
берілген.

**ЖҰРТШЫЛЫҚ ЖӘНЕ МЕМЛЕКЕТТІК
ОРГАНДАРМЕН БАЙЛАНЫС БӨЛІМІ**

БАС РЕДАКТОР:
Бибігүл БӘБЕКБАЙ

ШОЛУШЫ:
Арғын БИСЕНОВ

ТІЛШІЛЕР:
Жазира АҚБЕРГЕН
Айман МАДРЕЙМОВА
Талғат САТЫБАЛДЫ

РЕДАКЦИЯ МЕКЕН ЖАЙЫ:
ҚР, Маңғыстау облысы, Жаңаөзен
қаласы, Сәтбаев көшесі, 3-ғимарат,
426-кабинет, 8 /72934/ 63445

Шығу жиілігі айына 1 рет.
Журнал материалдарын
көшіріп басуға редакция
рұқсаты қажет

Журнал «АТИС» ЖШС
баспаханасында басылды

БІЗГЕ ЖАЗЫЛ:

FACEBOOK



TELEGRAM



INSTAGRAM



TIKTOK



ҚАДІРЛІ САЛА АРДАГЕРЛЕРІ, ӘРІПТЕСТЕР!

КӨСІБИ МЕРЕКЕМІЗ ҚҰТТЫ БОЛСЫН!

Бұгінде қазақ елі ретінде дербес, тәуелсіз болып отырғанымыз – ел қуаты мен жер байлығымыздың арқасы. Үрзых-несібенің берілуі Тәңірден болса, оның игеріліп, өл-ауқатымыздың артуына – алдыңғы буын мұнайшы аға-апала-рымыз бен бұғінгі таңда үрпақтар сабактастырығын жалғаған еңбеккор жандардың арқасы деп білемін.

Алпыс жылға жуық уақытты сараласақ, Жетібайдан басталып, Өзеннің мұнай бұлағымен жалғасқан сан сырлы тарих жапан далада қала тұрғызып, тұрлі тағдырдың тоғысынан сыр шертеді. Осы жылдар ішінде компанияда мындаған мұнайшы еңбек етіп, терін текті. Олардың ерлікке пара-пар қызмет жолын бағалау, әділдік тұрғысынан парыз.

Жер қойнауынан «қара алтынды» өндіріп, экономиканың дамуына зор үлесін қосып жатқан Сіздерге шын жүректен алғыс айтамын. Тәуелсіз еліміздің туы биік, тұғыры мықты, қарыштап дамуы жолында өз үлесінізді қоса беріңіз. Денсаулық, бас амандағын, табысты әрі берекелі ғұмыр, тілеймін.

Асулар асып, белестерді бағындыра берейік!

Құрметпен, Нұрдәulet Құлыбай
бас директор





«ӨЗЕНМҰНАЙГАЗ ЖҰМЫСШЫЛАРЫНЫң ЖЕРГІЛІКТІ КӘСІПОДАҒЫНЫҢ МЕРЕКЕЛІК БАСҚОСУЫ ӨТТИ»

Мұнай газ кешені қызметкерлерінің күніне орай «Өзенмұнайгаз жұмысшыларының жергілікті кәсіподағы» ҚБ «Ажар» салтанат сарайында мерекелік басқосу үйымдастырыды. «Керуен» тобы және ӨТҚжЖБ жұмыскері Дәulet Төлегенов әсем әнмен әрлеғен шара жоғары деңгейде өтті.

Жиынның шымылдығын бас директордың бірінші орынбасары Нұржан Әбдірахманов, «Өзенмұнайгаз жұмысшыларының жергілікті кәсіподағы» ҚБ тәрағасы Бекқали Уақбаев және Маңғыстау облыстық кәсіподақтар орталығының тәрағасы Садуақас Бекқалиев ашып, мұнайшыларға жылы лебізін білдірді.

– Мұнай газ саласы ел экономикасының құретамыры. Осынау маңызды салада еңбек етіп, тұтас елге несібе болып құйылуына ат салысып келеміз. Қажырлы еңбекпен Өзен, Қарамандыбас кен орындарын игеріп, толайым табысқа бірге жетейік, – деді Нұржан Базарбайұлы.

Өз кезегінде Бекқали Сәрсенбайұлы: «Еңбеккорлық, асқан ыждаһаттылық – сіздер күнделікті дәріптейтін асыл қасиет. Егемен еліміз үшін ең басты байлық адам екені белгілі. Ауызбірлікте әділетті қоғамды қалыптастырып, бақыт-баяны мол жарқын болашақ іргетасын нығайтамыз» – деді.

300-ден астам кәсіподақ мүшесі мара-патталған шарада Сәбит Текеновке ҚР Кәсіподақтар Федерациясының «Еңбек озаты», Ертай Мәуленбаев пен Абдул Домбаевқа ҚР Мұнай-газ салалық кәсіп-тік одағының Құрмет белгісі табыс өтілді.

Әртүрлі деңгейдегі Естелік белгі, Құрмет грамотасы мен Алғыс хатқа лайық деп танылған компания мұнайшылары рахметін айтып, кәсіподақ қозғалысын әрмен қарай дамытуға дайын екендігін жеткізді.







WWW.OZEN.KZ







ЕСЕЛІ ЕҢБЕК

Тәуелсіз Қазақстанның экономикалық тірегіне айналуына және өндірдегі индустриялық-инновациялық жобалардың қолға алынуына мұнайшылардың қосқан үлесі орасан. Осы ретте мұнай газ кешені қызметкерлері құніне орай бас ғимаратта мерекелік жиын өтті. Салтанат кезінде сала үздіктеріне құрмет көрсетіліп, еселі

еңбек лайықты атап өтілді.

Бас директордың бірінші орынбасары Нұржан Әбдірахманов кесіби мерекемен құттықтап, ел қазынасын толтыруға үлес қосушы мұнайшыларды марараптады.

— Мұнай мен газ – табиғат ананың дархан даламызға берген сүбелі сыйы. Табиғи байлығымыз арқылы еңсемізді тіктеп,



ЕЛЕНГЕН КҮН

әлеуметтік саланы күшейтіп, өл-ауқаты-мызды арттыруға қол жеткіздік. Өндірісті арттыру, кен орынның келешегін кеңейту жолындағы қызметімізді жалғастыра береік, жарық сөнбесін, – деді Нұржан Базарбайұлы.

«ҚазМұнайГаз» ҰК АҚ Естелік белгісі Н.Әбдірахманов, Д.Жұмабаев,

К.Айтбаев, А.Дербесов, Ж.Көңілімқос пен Н.Қосмағанбетовтерге табысталды. Сонымен қатар бірқатар мұнайшы Құрмет грамотасы және Алғыс хатпен марапатталды. Мерекеде өңір өнерпаздары әннен шашу шашты.





WWW.OZEN.KZ







ЕЛЕНГЕН ЕҢБЕК, МЕРЕЙЛІ МАРАПАТ

Мұнай газ кешені қызметкерлерінің кәсіби мерекесіне орай Технологиялық транспорт басқармасында Өзен және Қарамандыбас көн орындарын игеру ісіне сүбелі үлес қосып жүрген бір топ мұнайшы марапатталды.

Басқарма директоры Қанат Базылов құттықтау сөз алып, «қара алтын» игерушілердің ерен еңбегін ерекше атап өтті.

– Компанияны өркендету жолында үлкен абыраймен қызмет етіп, болашақ ұрпақ еншісіне табысты мұра қалдыруымыз қажет. Жетістік пен кемшілікті саралап,

аға буынның тәлімі мен тәжірибесіне сүйеніп, тек алға ұмтылуымыз керек. Сіздерге жарқын болашақ, сенімділік, зор денсаулық пен қажымас қайрат тілеймін. Мереке құтты болсын!, – деді Қанат Нұралыұлы.

Ел ырысын арттырып жүрген ТТБ жүргізушілері «ҚазМұнайГаз» ҰК АҚ Естелік тәсбелгісі, Құрмет грамотасы және Алғыс хатпен марапатталды. Жиын сонында ұжым атынан автотізбек бастығы Бекназар Құзенбаев пен Параҳат Жалғасов ризашылығын айттып, алғысын жеткізді.





МДЖӨҚБ ЖОМАРТТАРЫ БАСПАНА СЫЙЛАДЫ

Сүрінгенге сүйеу, құлағанға демеу, жүрек жылуын ұсынудан алдына жан салмайтын мұнайшылар қауымы тағы бір іске себепші болды. Бұл ретте Мұнайдайындау және өндіріске қызмет көрсету басқармасы ұжымы «Көмек Жаңаөзен» қайырымдылық қорымен бірлесіп, көп балалы отбасыға баспана кілтін табыстады.

Нұрлат пен Зәуре төрт баланың әкешесі. Екі баласы мен Зәуренің мүгедектігі бар. Бұл отбасыға «Жұлдыз» шағынауданынан жер алынып, үй салынды. «Қайыр қылсан, бүтін қыл» демекші, баспана жайлыш болуы үшін жиһаз, тұрмыстық техникамен жабдықталды.

Жаңа қоныстың кілтін табыстау шарасына МДЖӨҚБ директоры Сәкен Алшынбаев қатысты. Ол: «Бұғін тағдырдың сынағын тартып жүрген жандардың қуанышына күә болып отырмыз. Мұнымен бір отбасының қажетін орындалап қана қоймай, балалардың өз бөлмесінің болуына, өндігі күніне алаңдамауына титтей де болса үлес қостық деп ойлаймын. Жалақыдан ерікті түрде ақша аударып, ауызбіршілік танытқан әріптеріме алғысым шексіз», – деді.

Айта кетейік, бұл – қор бойынша беріліп отырған 29-баспана.



ЖАҢАӨЗЕН ТҰРҒЫНДАРЫНА АРНАЛҒАН СУ ТҰЩЫТУ ЗАУЫТЫНЫң ҚҰРЫЛЫСЫ БАСТАЛДЫ

«ҚазМұнайГаз» ҰК АҚ Басқарма Төрағасы Мағзұм Мырзағалиев және Маңғыстау облысының әкімі Нұрлан Ноғаев жаңа су тұщыту зауытының құрылышын бастап берді. Жоба Мемлекет басшысы Қасым-Жомарт Тоқаевтың Жаңаөзен қаласының халқын ауыз сумен қамтамасыз ету жөніндегі тапсырмасына сай жүзеге асырылуда.

Жаңаөзен қаласына ауыз су «Астрахань-Маңғыстау» су құбырымен Қиғаш өзенінен Жайық суын тасымалдау арқы-

лы жеткізіледі. Бұгінгі таңда бұл – Атырау және Маңғыстау облыстарының бірқатар елді мекендері пайдаланып отырған жалғыз тіршілік көзі. Сонымен бірге халық санының есуі және жаңа кәсіпорындардың ашылуы су тұтыну көлемінің күннен күнге артуына әсер етуде.

Тоқымақ төңірегінде (Қарақия ауданы) қуаты тәуелгіне 50 мың текше метрді құрайтын теңіз суын тұщыту зауытының құрылышы Жаңаөзен халқын ауыз сумен қамтамасыз етуге мүмкіндік береді.

**Президент Қасым-Жомарт Тоқаевтың
бастамасымен Маңғыстау
облысындағы теңіз суын тұщыту
зауытының іргетасы қаланды.**

3 қыркүйек 2023 ж.



Мағзұм Мырзағалиев жиналғандарды осынау айтулы оқиғамен құттықтап, өнірдің әлеуметтік мәселелерін шешетін бұл жобаның стратегиялық маңызы жоғары екенін қадап айтты.

«Шалғайда тұратын халықтың әл-ауқатын жақсарту — ҚазМұнайГаздың басты мақсаттарының бірі. Мемлекет басшысының тікелей тапсырмасын сапалы әрі қысқа мерзімде орындалап, Жаңаөзендеңі ауыз су тапшылығына қатысты мәселені түбебейлі шешу қажет», — деді ҚМГ басшысы.

«Астрахань-Маңғыстау» құбырынан келетін суға қосымша ретінде Жаңаөзен және басқа да елдімекендерді сумен қамтамасыз етуге мүмкіндік береді. Бұл туризмді, кәсіпкерлікті және ауыл шаруашылығын дамытуға мультиплексивті әсер етеді», - деді Н.Ноғаев.

Құрылыш алдын ала жоспарға сай 2024 жылдың соңында қарай аяқталады. Ал 2025 жылдың көктемінде өндіріс орны толық жобалық қуатына шығады деп жоспарланып отыр. Биыл тамыз айында Metito LLC халықаралық компаниясы



Сонымен қатар М.Мырзағалиев су тұщыту зауытын салу өнірде жүздеген жаңа жұмыс орнын ашуға мүмкіндік беретінін атап өтті. Құрылыш кезінде 240 адам, зауыт іске қосылғаннан кейін 100-ден астамы жұмыспен қамтылады.

Өз кезегінде, облыс әкімі жаңа өндіріс орны өнір экономикасының дамуына оң әсер ететінін мәлімдеді.

«Президент Қасым-Жомарт Тоқаев Маңғыстау облысына жұмыс сапары барысында халықты сапалы ауыз сумен қамтудың маңыздылығына тоқталып, Үкімет пен облыс әкімдігіне сумен қамту мәсесін шешуді тапсырды. Осы мақсатта өнірде бірнеше жоба іске асырылуда. Тоқымақ төңірегінде («Кендірлі» демалыс аймағында) су тұщыту зауытын салу

бастаған, құрамына «Ақжол құрылыш» ЖШС, «Caspian HES Consulting» ЖШС, «СМК-Атамекен» ЖШС кіретін консорциуммен ЕРС келісім шарт жасалды.

Нысан құрылышы «ҚазМұнайГаз» ҰҚ АҚ жеке қаражаты есебінен қаржыландырылады.

Еске сала кетсек, бұдан бұрын үлттүк компания Қаражанбас кен орнында («Қаражанбасмұнай» АҚ, ҚМГ еншілес кәсіпорны, Маңғыстау облысының Тұпқараған ауданы) су тұщыту зауытын іске қосты.

Бұдан бөлек, «ҚазМұнайГаз» «Астрахань-Маңғыстау» магистральды су құбырын реконструкциялау және кеңейту жобасын (1-кезек) жүзеге асыруда. Бұл жоба биыл пайдалануға беріледі деп

жоспарланып отыр. Ол магистральды су құбырының шамамен 176 шақырымға созылған екі участкесін жаңартуды көздейді. Бұл, өз кезегінде, 2024 жылы су құбырының өткізу қабілетін тәулігіне 110 мың текше метрден 170 мың текше метрге дейін ұлғайтуға мүмкіндік береді.

Су тұщыту зауыттарын салу және су құ-

бырын кеңейту ауыз сумен қамту мәселесін шешіп қана қоймай, еліміздің батысында орналасқан өнірлер үшін көптеген бағыт бойынша мультиплікативті әсер етіп, ҚМГ көсіпорындарында тұщы суды пайдаланумен тығыз байланысты бірқатар технологиялық мәселені шешуге де септігін тигізеді.





АДАЛ ЕҢБЕК

Өзен кен орнында «қара алтынның» игерілуіне сүбелі үлес қосып, компания иглілігі үшін саналы ғұмырын арнаған 40-қа жуық мұнайшы құрметті демалысқа шықты. Зейнеткерлерге «Атамекен» мейрамханасында ақ дастархан жайылып, құрмет көрсетілді.

Бас директордың бірінші орынбасары Нұржан Әбдірахманов компания үжымы мен Нұрдәulet Қиынбай атынан ардагерлерге мұнай газ саласындағы көп жылғы ерен енбегі үшін алғыс білдірді.

– Ел қуаты мен жер байлығымызды еселеу жолында біріңіз 40 жыл, енді біріңіз



ҚҰРМЕТКЕ БӨЛЕЙДІ

30 жыл өміріңізді арнап, қажырлы еңбек ете білдіңіз. Компанияның тарихи қалыптасу жолында әрқайсыңыздың алатын орныңыз ерекше. Қызметіңіз үшін алғыс айтамын, – деді Нұржан Базарбайұлы.

Сонымен қатар шарада басқарма директорлары, кәсіподақ тәрағалары сез

алып, құттықтаудың жеткізді. Зейнеткерлерге Алғыс хат пен қаржылай сертификат табысталды.















“ӨЗЕНМҰНАЙГАЗ” АҚ БОЙЫНША 2023 ЖЫЛДЫҢ ҚЫРКҮЙЕК АЙЫНА КӨРСЕТКІШТЕРДІҢ ОРЫНДАЛЫСЫ



ГАЗ КОНДЕНСАТЫН ӨНДІРУ:

ЖОСПАР 327
НАҚТЫ 347
АУЫТҚУ 20



МҰНАЙ ӨНДІРУ:

ЖОСПАР 420 890
НАҚТЫ 420 190
АУЫТҚУ -700



МҰНАЙ ТАПСЫРУ:

ЖОСПАР 420 051
НАҚТЫ 409 068
АУЫТҚУ -10 983

Көзге шынап салу

Мұнайшы шығармашылығы

Бибігүл БӨБЕКБАЙ

Еңлік күйеуінің көзіне шөп салып жүргеніне бастапқыда сенбеді, сенгісі келмеді. Жұмыстасы телефон шалған бойдан жүрегі алыш-ұшып, қала орталығындағы «Керуен» кафесіне құстай ұшып жетті.

Рас еken. Оңаша түстеніп отырған байы мен жас келіншектің қарым-қатынасы да, бір-біріне деген ықыласы да ерекшелігімен көзге ұрып тұрды. Елемеу еш мүмкін емес еді.

Еңліктің екі самайы тызылдай бастағандай болды. «Көз көрмеске кетемін» деді тістеніп. Жел майыстырған ағаштай белі бүгілді. Жол жиегіндегі орындыққа құйрық басты. Өзін жер бетіндегі ең бақытсыз жандай сезінді. Байына еркелей қарап торт жеп отырған қатынның өзі де, көзі де ұнамады. Тұтіп жегісі келсе де, өзін-өзі қолға алыш, келген жолымен кері қайтты.

Үйге заттарын жинастыруға келген күйеуі еш қиналмастан бір жылдан бері әлгі келіншекпен жақындастып жүргенін, сүйіктісінің өзін жігерлендіретінін айтқанда, тынысы тарылды. Екі қызды ұзатып, кенже студент ұлды үйлендіреміз деп жүргенде, байының сатқындығы арқасына аяздай батты. Арманы мен үмітіне құйын тигендей үйқы-түйқы болды. Ашудан қалшылдап, күзгі жапырақтай қалтырап кетті. Елуді еңсерген ерлі-зайыптылар аянбады, бір-біріне айтпағаны қалмады.

Қанатының өзіне бұрынғыдай көніл бөлмей, ойы басқа жақта жүретінін, жұмыстан жиі кеш келетінді шығарғанын байқаса да, үйімнің босағасы берік, шаңырағым ешқашан шайқалмайды деп өзін-өзі алдарқатып жұмысқа бар күшін сарп етіп жүре беріпті. Отыз жыл бір шаңырақ астында тұрып жатқан байынан сұық жүрісі бар деп еш сезіктенбепті. Проблемаға көзді жұма қарап, көрмегендей сыңай танытқан өзі. Рас, байымен отыз жыл отасқан уақытта келіспеушіліктер, кейде тіпті тым қатты кетіскең кездер де болды. Керіскенде бірінен-бірі асып кеткісі келіп, айғайласуышы еді...

Есікті сарт етіп жабылған соң айна алдына келіп, біраз тұрды. Өзін жуас, алданғыш, бейшара, ашықауыз, ақымақ деп табалады. Қалшылдап кетті. Бәрі быттышыт. Көздің қарашығындаң сақтаған отбасы бақыты тарыдай шашылды. Жүрегі тез соға бастады, тынысы тарылды. Не істемек керек? Ой араша талап жатыр. Нені дұрыс істемедім, қандай қателік кетті, қалай кек алса, айызы қанады, бұл қорлауға жауап ретінде кімді өзіне қаратса болады...

Байының опасыздығы жанына батқан бақытсыз келіншек ашуға булықты. Оның босағасы берік, ешқашан шайқалмайды деп жүрген шаңырағы ортасына тұсті. Енді қайтті?



Байының тастап кетуі – оқыс соққы болғаны соншалық ашу, қорқыныш, қайғы – бәрі құрдымға әкетіп барады. Өзін адамның қоры сезінді. Бойын кек жайлады. Оңайлықпен қайтпайтын сезімнен қалай құтыларын білмеді.

Алғашқы жылдары қүйеуімен өткізетін әр түнді тағатсыздана күтетінін есіне алып, дір-дір етіп жылады. Кірпік іле алар емес. Мұнды, жалғыздықтан жапа шеккен өзін өлердей аяп жатыр.

90 жылдары үйде артық ақша болмай, әр тиынның сұрауы бар қызын кезеңде балаларын өсіріскең қүйеуіне сенім артып жүргенде үйінің картадан тұрғызылғандай гүрс етіп құлауы – жаның жабырқатып, көңілін құлазытты.

Азаматымен бірге өмірдің мәні де кетіп қалғандай болды. Өлмеген құр сұлдері қалған Еңліктің жағдайын сұрап, жақын-даспақшы болғандарға қырсық келіншек

байқамаған түр танытып, қасақана тіл қатпады.

Шыдатар болмағасын шешесіне барып мұнды шақты. Шешесі мұсіркеп, түсіністік танытпады. Өзінің ескертуін талай құлағынан асырып жібергенін айтып, «сениң басыңдағы шаригің түгел емес» деп дүрсे қоя берді.

Бұрын біреу психологқа барыпты десе, аталмыш маман иесіне құмәнмен қарап, күлкіге айналдыруши еді. Бекер күлген екен. Енді өзі психолог іздеп кетті.

Бірнеше жерінде жыртығы бар жинсы киіп алып, кілтке тағатын салпыншақты саусағымен айналдырып отырған қызыдың психолог екенін білгенде, сенерін де, сенбесін де білмей қапелімде тосылып қалған Еңлік отырғышқа отырды да көз жасына ерік берді. Өзіне жанашырлықпен қараған жас қызы бар сырын ақтаруға мүмкіндік беріп, өте мұқият тыңдады.





Өзімен бірге күліп, бірге жылады. Еңлік өзінің мас адам сияқты, тілін шайнап сейлеп отырғаның сезіп, мұсәпірлігіне іші удаи ашып, басын жөнсіз изеп отырған жас қыздан ұялып та кетті. Психологқа барып, көңілінің жыртығын жамаған Еңлік еңсесін тіктеп, сабасына тұсті.

Жексенбі күні бүкіл өлемнен бас сауғалап сериал көрмекші болып еді, қырсық-қанда қымыран іриді деген, туалет ақпай қалды, свет тексеруші келді, көпіріп, көп сәйлеп, жынын қоздыратын жесір көрши-сі қоңырау шалды. Әйтеуір жанғатыныштық жоқ. Сериал қаратпады.

Сүйкімді психологтың «бәріміз де қартаямыз, жақыннымызды жоғалтамыз, әйтсе де өмірде болатын қыындықты қасқа-йып тұрып қарсы алудың өзі мықтылық» деген ақылы есіне түсіп, Еңлік жеңіл құрсінді. Арманы күл-талқан болып, сүйіктісінен айырылған келіншек жеке өмірің астан-кестен болып жатыр деп күнделікті күйбен тіршіліктің тоқтап қалмайтынын түсініп, кез келген бақытсыздық тізбегінің де шегі болатынын ұқты.

Біраздан соң ыңылдалап әндеткен Еңлік ас үйде бар ынта-ықыласымен тамақ пісіріп жатты...



КІТАП АДАМДЫ өзгертеді

Рейчел Холлистің "Әй, қыз, көзіңді аш"! кітабын оқуға кеңес береміз. Бұл батыл әрі көркем өмір сүргісі келетін қыздарға арналған дүние.

Кітапты оқи отырып "өмірің өз қолыңда" екенін тереңірек сезінесің. Автордың жазуынша, біз көбінесе өзгелердің көңіліне қарап өмір сүреміз екен.

– Әй, қыз, көзіңді аш! Бақытты өзің таңдайсың. Өмірінді өзің басқарасың!

Құдай үшін "басқа біреу келіп өмірімді өзгертерді" деп құтуді доғар! – дейді Рейчел Холлис.

Кітап өмірді жайнатуды, мейірімді шеше болуды, некені нығайтуды үйретеді.

Тоғетері, кітап өлгенде бітпейтін үйдің күйкі тірлігінен шаршаған қатындарға қалай өмір сұру керегін айтып, ақыл-кеңес береді. Олардың өмірін жеңілдетеді.

Сатып ал да оқы. Нөл өкінбейсің!



Минимализмді таңдаңыз

Мен өскен кішкентай ауылда әр үйде Плюшкин тұрды десем қателеспеген болар едім. Ол кезде ескі-құсқыны қоқыс-қа лақтыру деген абсурд саналатын-ды. «Керек болып қалады» дейтін әкем де, шешем де. Қоқыстар гаражда немесе арнайы қоқыс салып қою үшін салынған шағын үйшікте өз кезегін күтіп жататын.

Аштық көрген үлкендер шегені де да-лаға тастамай, үйге қап-қап шикі астық жинап қоятын. Марқұм шешем «үйде қор болу керек» дегенді жи қайталап отырушы еді. Аштық олардың санасына «қор жинау керек» деген түсінікті өбден шегелеп тастаса керек.

Бұгінде заман өзгерді. Әлемнің ақылды адамдары минимализм қағидала-рымен өмір сұруғе көшті. Яғни, қажетті затты алу, артығын сатып алмау. Зәрулік болмаса, уақыт пен ақшаны шығындамау.

Әрине қоғам бізді сатып алуға үндейді. Азғыруға ерменіз. Дүниеге құнықпай, жеңіл өмір сүріңіз. Дүниесі аз үйді жинау да оңай, ақша қалтаңызда қалады, байи бастайсыз.

Тоғетері, минимализмді таңдап, қаржылық қауіпсіздік аймағына өтіңіз.





Ардақты әріптестер!

Мерейлі жасыңыз құтты болсын дей отырып, деніңізге саулық, отбасыңызға амандақ, ел игілігі үшін атқарып жүрген қызметіңізге табыс, өміріңізге береке тілейміз.

Әрқайсыныз ерен еңбек ете жүріп, Өзен кен орны дамуына өлшеулі үлес қосып келесіз. Басшылық әрбіріңізді мұнай саласының майталман маманы ретінде өте жоғары бағалайды. Көсібіңіздің жілігін шағып, майын ішіп, сол саланың шыңына шығып отырған тәжірибелі де білікті кез келгеніңізben біз мақтанамыз. Үлгі-өнеге тұтамыз.

Арайлап атқан әрбір таң шаңыраққа құт пен береке әкелсін. Тойыңа жұрт жиылсын, Көңілге нұр құйылсын, Дәл осындан мерей жас, Біздерге де бұйырсын, – демекші тоғыңыз тойға ұласып, 100 деген әдемі жасқа жетіңіз, қадірлі әріптестер!

Құрметпен, «Өзенмұнайгаз» АҚ еңбек ұжымы



ҚҰРМЕТТИ АРДАГЕРЛЕР!

Туған күн мерекесі құтты болсын. Құдай бақ берген мекенде ерен еңбек етіп, Өзен кен орны дамуына өлшеусіз үлес қосқан Сіздерге алғысымыз шексіз.

Ел игілігі үшін тынбастан еңбек етіп, өндірістің қыындыққа толы құбылыстарын бастаң өткеріп, бейнетін арқалап, зейнетіне бөлөну – кез келген адамның қолына түсे бермейтін бақыт.

Сіздердің адам қызығарлықтай мәзмұнды өндірістік өміріңіз бізге үлгі-өнеге.

Қоғамның, ел мен жердің, отбасының алдындағы парызы мен қарызын азаматтықпен атқарып, Отанға адал қызмет етудің жарқын үлгісін көрсеткен Сіздерге мың алғыс.

Адам үшін ең қымбат нәрсе – оның өмірі мен денсаулығы. Аман жүрініздер. Деніңізге саулық, отбасыңызға амандық, мәнді де сәнді, үзақ ғұмыр тілейміз.

Ляс Кадаргулов

Сагын Резбаев

Оразбай Медетбаев

Джоламан Зайров

Куралай Шубаева

Траш Джумагалиева

Күшкуат Таласбаев

Киняз Узакбаева

Ияжан Наукебаев

Валентина Караева

Аманбиби Жалгасбаева

Суин Утегенов

Коянбай Таджибаев

Ықылас Катов

Даут Джанаев

Сатбай Сисенбаев

Жалгасбай Азamatov

Турғанбай Үнгарбаев

Талап Абдиев

Актур Минбаев

Отемис Оразғалыев

Қалбибі Үндасынова

Кунэира Нугманова

Бердигали Дербисов



OZEN MYRIAD



ZEN

WWW.OZEN.KZ

